

**ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен бекітілген (10.12.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру Қағидаларының 51-тармағына сәйкес:**

51. Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында:

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері - құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;

клиенттің заңды мекенжайы (мемлекеті, елді мекені, көшесі, үй нөмірі, пәтер нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін тізілімдер журналында тіркеу «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректері негізінде жүзеге асырылады.

**Бұл ретте шетелдіктер үшін "жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V ҚР Заңының 6-на сәйкес мұндай құжат шетелдік паспорт болып табылады.**